

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана Медицина университеті» КеАҚ	Хаттама №3
	«Денсаулық сақтау» саласы бойынша ОӘБ Жоғары білім беру секциясы	

ХАТТАМА № 3

«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» САЛАСЫ БОЙЫНША ОӘБ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ СЕКЦИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

Астана қ.

17 қазан 2025 жыл

Отырыс форматы: онлайн

Басталу уақыты: 15:00

Қосылу сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/2421536677?omn=89437693189>

Төраға: Досанова А.К.

Хатшы: Шакеева А.Р.

Қатысқандар: тізім бойынша (қосымшада)

КҮН ТӘРТІБІ

- 1) НИМО білім беру бағдарламалары (Медицина, Педиатрия, Стоматология және МП) үшін 3-курсқа арналған базалық құзыреттерді талқылау.

Баяндамашылар: проректорлар, ГУП/комитет төрағалары.

- 2) Профильдік интернатура бағдарламалары түлектерінің кәсіби құзыреттерін талқылау.

Баяндамашылар: проректорлар, ГУП/комитет төрағалары.

- 3) 2024–2025 оқу жылына «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша интернатура түлектерінің F және G типті тесттермен тәуелсіз бағалау нәтижелерін қарау.

Баяндамашы: ҰТЕО (РОО НЦНЭ) Білім мен дағдыларды бағалау басқармасының басшысы — Досмамбетова К.К.

Бірінші сұрақ бойынша. НИМО бағдарламалары бойынша 3-курсқа арналған базалық құзыреттерді талқылау

ТЫҢДАЛДЫ: ЖБ секциясының төрағасы Досанова А.К. НИМО-ның «Медицина» және «Педиатрия» бағыттары бойынша 3-курста қалыптастырылатын базалық құзыреттердің бірыңғай тізімі әзірленгенін және ол тестілік спецификациялар мен бағалау құралдарын әзірлеу үшін ұсынылатынын хабарлады.

«Медико-профилактикалық іс» бағыты бойынша ГУП жетекшісі Даулеткалиева Ж.А. барлық ЖОО, жұмыс берушілер және білім алушылардың қатысуымен өткен кеңейтілген отырыстың нәтижелерін таныстырды. 3-курсқа арналған базалық құзыреттердің бірыңғай тізімі мақұлданып, 2025–2026 оқу жылына қабылданатыны айтылды. 2026–2027 жылы олар МЖМБС (ГОСО) типтік жоспарларына сәйкестендірілетін болады.

Стоматология мектебінің деканы Деточкина В.Р. стоматология бойынша барлық ЖОО қатысқан талқылау нәтижесінде құрылым, мазмұн және базалық құзыреттер тізімі бірыңғайлағанын мәлімдеді.

ЖБ секциясының төрағасы Досанова А.К. профильдік интернатураның 6 бағыты бойынша түлектердің кәсіби құзыреттерінің бірыңғай тізімі де әзірленгенін және тәуелсіз аттестаттау, тест спецификациялары мен бағалау құралдарын әзірлеуде қолданылатынын айтты.

Баяндамашы — ҰТЕО басқармасының басшысы Досмамбетова К.К. интернатура түлектерін F және G типті тесттермен бағалау нәтижелерін ұсынды. Педиатрия бағыты бойынша жоғары көрсеткіш, ал бағыттар арасындағы білім деңгейін теңестіру қажеттілігі атап өтілді. Қатысушылар клиникалық ойлауды бағалауда F және G тесттерін кеңейтілген қолдануды қолдады.

ҰСЫНЫЛДЫ:

- F және G тесттерінің үлесін арттыру;
- резидентурада бұл форматты кеңінен қолдану;
- тест банкын әзірлеу үшін оқытушылардың әдістемелік даярлығын күшейту.

ШЕШІМ:

«Медицина», «Педиатрия», «Стоматология» бағыттары бойынша:

- 3-курсқа арналған базалық құзыреттер тізімін назарға алу;
- 2025 ж. 20–21 қазан күндері өтетін онлайн дауыс беру нәтижесі бойынша құзыреттерді бекіту;
- бекітілген құзыреттерді тест спецификациялары мен бағалау құралдарын әзірлеуде қолдану.

«Медико-профилактикалық іс» бағыты бойынша:

- барлық тараптармен талқылау нәтижесін назарға алу;
- 2025–2026 оқу жылына арналған құзыреттерді онлайн дауыс беруден кейін бекіту;

- 2026–2027 жылы құзыреттерді **МЖМБС (ГОСО)** типтік жоспарларына сәйкестендіру;
- бекітілген тізімді тест спецификациялары мен бағалау құралдарын әзірлеуде қолдану.

Профильдік интернатура бойынша:

- 6 бағытқа арналған кәсіби құзыреттерді онлайн дауыс беруден кейін бекіту;
- оларды тест спецификациялары, бағалау құралдары және тәуелсіз аттестаттау рәсімінде пайдалану.

F және G типті тест нәтижелері бойынша:


- интернатура түлектерін бағалау нәтижесін назарға алу;
- педиатрия бойынша 84% жоғары нәтиже атап өтілсін;
- F және G сұрақтарын кеңінен қолдану қолдау тапсын;
- ЖОО-ларға білім алушылардың бұл форматқа дайындығын күшейту ұсынылсын;
- G тестін кезеңмен енгізу және тест банкін жаңарту 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына енгізілсін.

Қосымша тапсырмалар:

Жауапты хатшылар мен ГУП төрағалары:

- дауыс беруге қатысушыларды уақтылы хабардар етсін;
- нәтижелерді белгіленген мерзімде жинап, өңдесін;
- құзыреттерді бекіту және F/G тесттерін енгізу жөніндегі қорытынды шешімді ЖОО ОӘБ РУМС хаттамасымен рәсімдесін.

Төраға:



А.К. Досанова

Хатшы:



А.Р. Шакеева